

Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық), облыстық және оларға теңестірілген соттарындағы судьялардың жалпы саны туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 18 маусымдағы N 3038. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.03.21. N 825 жарлығымен. ~U020825

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 U952694_ Жарлығының 11-бабының 2-тармағына және 15-бабының 2-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Судьялардың жалпы саны:

Қазақстан Республикасының облыстық және соларға теңестірілген соттарында 569 адам;

<*>

Қазақстан Республикасының аудандық (қалалық) соттарында 1254 адам болып белгіленсін.

<*>

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің қаражаты шегінде осы Жарлықтың 1-тармағында белгіленген судьялар санын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 1998.07.11.

N 4010 жарлығымен.

U984010_

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК